

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

ӨЖЖ 81'42:811.512.122

А.С.Әділова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

М.Әуезов шығармалары және мәтінаралық байланыстар

Мақалада М.Әуезовтің дара мәнерін танытатын бір ерекшелік ретінде «Абай жолы» роман-эпопеясындағы мәтінаралық байланыстар көрсетіліп, олардың қызметі қарастырылған. Жазушы сөзқолданысын эталон ретінде таныған қаламгерлердің кейінгі буындарына роман-эпопея претекст ретінде қызмет етеді, яғни оны күшті әдеби мәтіндер қатарына жатқызуға болады.

Кілтті сөздер: цитация, мәтінаралық байланыстар, претекстер, күшті әдеби мәтіндер, концептуалды-мазмұндық ақпарат, ықпал.

Бай да шұрайлы тілмен жазылған шығармалары арқылы ұлттық көркем әдебиетте өшпес атын қалдырып, хакім Абайды халқымыздың өзіне де, өзгеге де танытқан, қазақ асыл сөзін еуропалық деңгейге көтерген М.О.Әуезовтің «Бүгінгі жазушының ойлануы мен сезінуін және сол екеуін әдебиеттік сөздік арқылы, сөйлемдер арқылы қалыптауы мүлде жаңарып кетті. Шеберленген, мәдениеттенген қазақ тілімен жазып отырған өлеңдерінде, қарасөздерінде, пьесаларында қазақ жазушысы барлық сезім мен ойларын жаңаша, өзгеше қалыптауға тырысады» [1] деген сөзі бұдан 60 жыл бұрын айтылса да, өз мәнін әлі жойған жоқ. Осы орайда ойды өзгеше қалыптаудың, жеткізудің, сөз саптаудың бір түрі ретінде қазіргі қазақ көркем мәтіндерінде кездесетін интертекстерді атауға болады. Әлемдік әдеби үдерісте модернизм және постмодернизм бағыттарының пайда болуымен, ондағы цитатамен жазу, диалогтік байланыс, қатынас сияқты құрылымдық-семантикалық элементтермен байланысты туындаған интертекстуалдылық құбылысы қаламгер үшін де, оқырман үшін де көпфункционалды.

М.Әуезов қорының деректері жазушы шығармашылығын әр қырынан зерттеген 40 шақты диссертацияны көрсетеді [2]. Алайда көркем әдебиет тілі туралы ұстанымдары тілші-ғалымдардың бірнеше буынына бағдар болып отырғанына қарамастан, қаламгердің өзіндік дара мәнерін танытатын сөзқолданысы, тіліндегі ерекшеліктерді танып, талдау әлі де болса өз деңгейінде емес.

Жазушының 100 жылдық мерейтойы қарсаңында тілші-ғалымдардың алдында тұрған міндеттерді Р.Ғ.Сыздық: «1. М.Әуезовтің бүкіл көркем туындыларының тілін кеңінен зерттеуді бастау; 2. М.Әуезовтің публицистикасы мен ғылыми еңбектерінің де тілі стильдік, лексикографиялық, лексикологиялық зерттеулерді күтеді; 3...М.Әуезовтен өзгелер, әсіресе кейінгі буын қалам иелері көп үйренген, әсер алған, зор ықпалын сезінген... Тілге келгенде «Әуезов мектебі» дегенді айта аламыз ба, айтсақ, сүйенетін тіректер, дәлелдейтін фактілер қандай — міне, осылар да зерттеуін күтетін мәселелер; 4. М.Әуезов тілінің сөздігін жасау» деп [3] бірнеше топқа бөліп көрсеткен еді. Бұл міндеттердің кейбірі орындалса, енді біреуі әлі де өз кезегін күтуде. Мәселен, өткен ғасырдың 90-шы жылдары М.Әуезовтің толық шығармалар жинағы ЭЕМ жадына енгізіліп, нәтижесінде 1995 жылы «М.Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздіктері» атты сөздіктер жүйесі жарық көргендігі белгілі. Сондай-ақ М.Әуезовтің публицистикасын функционалдық стилистика тұрғысынан қарастырған монографияны да атауға болады [4].

Осы орайда жазушының көркем мәтіндеріндегі түрлі келтірінді құрылымдардың түрлері, қызметі, дереккөздері, мәтін семантикасын түзуге әсері қарастырылмай отырғанын атай кеткен

орынды. Цитация қағидатымен енгізілген келтірінді құрылымдар автордың өз баяндауында, кейіпкерлер тілінде кездесіп, мәтінаралық байланыстарды көрсетеді.

Мәселен, «Абай жолы» роман-эпопеясында автор өзінің басты кейіпкерінің образын ашу үшін оның өлеңдерін келтіреді, яғни туындының мазмұндық-концептуалды ақпарын беру үшін мазмұндық-нақты ақпарға ақынның «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңі негізінде сюжеттік желі енгізеді де, өлең семантикасын вербалдайды. Жазушы бұл арқылы бірнеше мақсатты шешеді: роман оқиғасын өрбітеді; өз туысқандары мен өзге қарапайым адамдарға Абайдың көзқарасын танытады; Тәкежан аулындағы үлкен-кішіні мінездейді; белгілі бір локальді уақыттағы және кеңістіктегі өмір шындығы арқылы жинақталған типтік жағдайды көрсетеді; Абайдың өзін даралайды; өзінің субъективті пікірін білдіреді; мәтін түзеді. Қаламгердің негізгі объектісі Абай, ол өмір сүрген уақыт пен орта болғандықтан, романда ақынның өлеңдері мен жазушының қарасөзді баяндауының өзара әрекеттесуі, контекстік-ситуативті түрде бір-бірін толықтыруы, нақтылауы, байытуы заңды.

Жас достарымен әңгіме барысында Абайдың ел арасындағы дау-жанжалға қатысты ойларын балалық, азаматтық пейілмен сүйсінген Әбіш қолданған «Ұшқыннан алау атады!» сөзі, Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаровтың пікірінше, «әзірге әлсіз болса да, прогрессивті істің жеңбей тынбайтынына кәміл сенім білдіруді көздеген жағдайда келтіріледі. Түпкілікті жеңіс, қиындықтар мен кедергілерді түпкілікті еңсеру атап көрсетіледі» [5]. А.С.Пушкиннің «Во глубине сибирских руд...» и «К Пущину» өлеңдеріне А.И.Одоевский жазған жауаптан алынған «Из искры возгорится пламя» цитатасы о баста орыстілді тұлғаларда жағымды инвариантты қабылдауға ие. М.Әуезов бұл сөзді Әбіштің аузына салу арқылы бірнеше міндетті орындайды: Петерборда оқыған Әбіш өз кезінің саяси-әлеуметтік, демократиялық ой-пікірлерімен таныс екенін көрсетеді; әкесінің сөзіне қорытынды жасатады және баға бергізеді, өз кезегінде бұл жастар арасындағы көзқарастың нақтылануына ықпал етеді; мәтін модальділігін түзеді. Тек айта кету керек, арада елу жылдай өткен соң өз контекстінен ажыраған бұл цитатаны екінші Мұхтар мүлде жағымсыз мәнде қолданғаны байқалады [6].

Абайдың жас шәкірттерінің бірі — Дәрменнің қалыңдығын сипаттау, мінездеу үшін жазушы Әбішке бұрын өзі оқыған роман мазмұнына сілтеме жасатады, яғни интертекске жүгінеді, онда: «...жіңішке, сұңғақ бойлы, ашаң, жұқалаң жүзді сұлу әйел, махаббат жолына ең тұрақты сезім иесі болады депті. Толыққанды, қалың денелі әйелде тұрақты сезім сирек кездесіп, құрбандыққа шыдамсыздық көбірек ұшырасады — деп ұққаны да бар-ды. Өзі білгеннің көбін көңілде түйгенмен, сыртқа шығармайтын Әбіш, бұл сахарда жүрген қыздардың арасында Мәкенді ерекше бағалайтын».

Байқалып отырғанындай, «Абай жолы» роман-эпопеясында мұндай интертекстердің дереккөздері сан алуан: Абайдың төл туындылары, Шығыс, орыс, ислам өркениетіне сілтеме жасауға мүмкіндік беретін прецедентті есімдер, мәтіндер. Ал жазушы Абай тұлғасын ашу үшін оның танымдық кеңістігін, танымдық базасын танытатын, ашатын прецедентті құбылыстарды орнымен, уәжді қолданған. Сондықтан да әр претекске сүйене отырып, оларды роман-эпопеяның оқиғаларымен байланыстыра, салыстыра, қатар қоя отырып, оқырман сол кезең, Абай туралы мағлұмат, пікір, танымын одан әрі кеңейте түседі.

Дәл осы терминдермен болмаса да, бұл үдеріс туралы белгілі әдебиеттанушы З.-Ғ.Бисенғалидың «Абай «Қарасөздері» және «Абай жолы» эпопеясы» мақаласын атай кету — парыз [7].

Кез келген оқырман үшін көркем мәтіндегі ұсыну қағидатының маңызы зор. Бұл қағидатқа сәйкес, көркем мәтіндегі мән-маңызы жоғары негізгі ақпарды өзектендіретін арнайы тәсілдер болады, олар тіл жүйесінің барлық деңгейлеріндегі бірліктермен көріне алады. Ұсыну қағидатының типтері ретінде мәтінде стильдік тәсілдердің конвергенциясы, контраст, әр алуан қайталамалар, бірігу, алдамшы сенім әсері, мәтіннің күшті позициялары (тақырып, эпиграф, бастапқы және соңғы сөйлемдер) қарастырылады. Нақты бір көркем шығармада бұлардың бәрі конвергенциямен де, жеке-жеке де кездесуі мүмкін.

Ұсыну қағидатына сай қарастырыла алатын құралдардың бірі ретінде көркем мәтіндегі әр түрлі келтірінді құрылымдарды атауға болады. Келтірінді құрылымдар, немесе цитация, оқырман оқып отырған шығарманы өзге функционалды және семиотикалық жүйе мәтіндерімен, қоғамдағы әр кезде болған маңызы түрлі дәрежедегі әлеуметтік-саяси, тарихи-мәдени деректермен ассоциативтілік негізінде байланыстырады, сол мәтіндегі жекелеген оқиғаларды өзектендіреді. Олар өздері енгізіліп отырған мәтінде ойды дамыту, мәтін түзу, бағалау, айшықтау т.б. қызметтер атқарып, екі мәтінді қатар немесе қарсы қою, салыстыру арқылы оқырманның прагматикалық әсерін қалыптастырады.

Көркем мәтіннің тілдік құрылымына оның өзінен бұрын жазылған шығармалардың образдар жүйесін, жалпы мазмұнын, концептуалды, астарлы ақпарын еске түсіретін әр түрлі үзіктер таңба ретінде кіргізіліп, алғашқы туындының, яғни претекстің, семантикасында қатталған ақпармен ассоциация жасалады. Бұл ақын-жазушының саналы немесе өз еркінен тыс басқа шығармалардан алып қолдануы таза психологиялық, тұлғалық ұстанымдарға байланысты болады. Өзі оқыған мәтіннен жадында қалған сәтті, ұшқыр сөз, сөз тіркестерін, сөйлемді қаламгер қажеттілік туған кезде өз туындысына әр қилы мақсатта кіргізеді. Ондай келтірінді элементтер оқырмандар үшін де аса маңызды, өйткені олар көркем мәтіннің өзіне түсініксіз деген тұстарын басқа көркем шығармалармен байланыстыру арқылы ашып, қабылдай алады. Осындай келтірінді элементтер алынатын түпнұсқа мәтін претекст атауымен белгілі. Прецедентті мәтіндер *күшті әдеби*, *әлсіз әдеби* және *күшті әдеби емес* мәтіндер деп үшке бөлінеді. Күшті әдеби мәтіндерге ұлттық әдебиетіміздің мақтанышы болған ақын-жазушылардың эталон деп танылған, оқырмандардың тілдік жадында сақталған шығармаларын жатқызуға болады. Мұндай мәтіндер лингвомәдени қоғам мүшелерінің басым көпшілігіне таныс болып, олардың рухани, ділдік, этнопсихологиялық ұстанымдарына сәйкестігі нәтижесінде ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады да, құндылығы кемімейді.

Күшті әдеби мәтіндер деп Абайдың, Махамбеттің, М.Жұмабаевтың, Қ.Аманжоловтың, М.Мақатаевтың шығармаларын атаған орынды. Осы тұрғыдан келгенде М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы да қаламгерлердің бірнеше буынына ықпал етіп, олардың сөз саптауына әсерін тигізгенін байқауға болады, яғни бұл ықпал интертекст ретінде вербалданған. Дәлелдеп көрелік:

Ақын Ғ.Жайлыбайдың «Ақ шуақ» өлеңіндегі метафоралардың уәжділігі оқырманды біраз ойлантады:

*... Айырмай-ақ есектен түйелерді,
Тыңдамай-ақ
халықтық күй-өлеңді.
Ақиқаттың тізгінін
жылдар бойы
Жәдігөйлік, жылпостық иеленді [8].*

Өлең кеңестік қоғамдағы жылдар бойы қалыптасқан формалды қарым-қатынасты, адамдар бойындағы селқостықты, бейжайлықты бұзып, жаңа леп әкелген сәуір өзгерістеріне арналған. Сәуірмен жеткен жақсылықты айқындап көрсету үшін социализм тұсындағы қасандықты, жамандықты есекке теңейді. Дәстүрлі қолданыс болғандықтан, бұл заңды да, ал оған қарама-қарсы халық арасынан шыққан таңдаулы адамдарды түйеге теңеу қазақ тілінде сөйлеушілер үшін түсініксіз, уәжсіз. Әрине, халық тілінде *түйе* сөзінің парадигматикасына кіретін *нар тұлғалы, қара нардай, бурадай* сияқты эпитет, теңеулер мен *түйе балуан, наркескен, түйедей, түйеден түскендей, түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты* тәрізді қолданыстар кездеседі және соңғы тілдік бірліктердің арасында семантикасы жағымдысы да, жағымсызы да бары байқалып тұр.

Ақын метафорасы «Абай жолы» романындағы Абай мен білімсіз орыс чиновнигінің диалогін еске түсіреді. Қаламгер жадында Абайдың өзін бағалауда *түйе* сөзінің жағымды коннотациясына сүйенгені қалған, соның нәтижесінде осындай тосын метафора пайда болған деген ойдамыз.

Кейбір көркем мәтіндердегі метафоралардың уәжділігі тек претекстерге байланысты болады, яғни қаламгердің тілдік, мәтіндік құзіреті өз еркінен тыс соны, тіпті окказионалды қолданыс тудыруы да мүмкін. Шығарманы оқып отырғанда мұндай метафоралар орынсыз көрініп, түсініксіз болып қалады, яғни олардың уәжділігі жетіспей, күмән тудырып жатады. Тек тереңірек ойланып, басқа мәтіндермен байланысын тапқанда ғана, ондай қолданыстардың қаламгердің еркінен тыс, тілдік құзіреті шегінде дербес пайда болғаны байқалады.

Төмендегі өлең жолдарынан сөз өнеріне жаңадан бет бұрып, жыр додаларына қатысып жүрген жас ақынның тілдік құзіреті соны метафоралар жасауға мүмкіндік бергені байқалады:

*Қысты күтем, пәктікке құмар байғұс,
Аязды аңсап, алқынып, тына алмайды іш.
Үш-ақ мезгіл мен үшін мына тірлік:
Қамқа — көктем,
Қодар — күз,
Құнанбай — қыс [9].*

Серік Сағынтайдың осы үзінділеріндегі метафораларға интертекстер, яғни прецедентті мәтін, символдары, негіз болған. Претексті еске салатын бұл есімдер арқылы оқырман олардың

әрқайсысына тән ерекшеліктермен ассоциация жасау негізінде жыл мезгілдерінің тосын, жаңа сипатын көз алдына әкеледі. Өйткені метафора екі контекстің бір-біріне әсері нәтижесінде пайда болған. Бұл орайда қазіргі лингвистикадағы метафора мен метафоризация процестері туралы тұжырымдамалардың арасындағы Блэк-Ричардстың интеракционистік концепциясы назар аударарлық. Осы концепция авторларының бірі — Ричардстың «Біз метафораны қолданғанда, екі түрлі зат туралы екі ойды негізге аламыз. Әрі бір мезгілде пайда болған бұл ойлар бір ғана сөздің немесе сөз тіркесінің көмегімен беріледі, бұл сөздің мәні — сол ойлардың өзара әрекеттесу нәтижесі» деген сөзіне сүйене отырып, Э.Р.Когай оның негізгі ұстанымдарын былай сипаттайды: «Екі мән негізінде пайда болған метафора жаңа мағына құрайды, ал ол екі мәннің жай ғана қосындысы емес, ол өзінің ауқымдылығы мен сипаттау қуаты бойынша өзара әрекеттесетін әр мәнден өзгеше болады, мұның өзі сөздердің тек қарапайым салыстырылуы жөнінде ғана емес, бір-бірін байытуы туралы айтуға мүмкіндік береді» [10]. Жоғарыдағы мысал осыған айқын дәлелдеуге келеді, яғни прецедентті есімдер мен жыл мезгілдерінің атауларында жинақталған ақпар өзара бір-бірін байытып, эмоционалды, коннотациясы айқын метафора пайда болған. Ақын С.Сағынтай өлеңінің эпиграфы белгілі: «...*Жиында үн жоқ. Түйенің ар жағына Қодармен тең қып асқан Қамқа, түйе тұрғысымен бір сәтте үзіліп кетті. Оны бәрі көріп тұр. Қодар бір жиырылып, бір созылып, тез өле алмады... Түйені тұрғызып, бірталай ұстап тұрғанда, жиын әлі үн қатпады. Екі жанның өлім азабын өз үстіне арқалап тұрған түйе де үнсіз.*

М.Әуезов. «Абай жолы».

Интертекстердің барлығы да өз бойларында претекстен сақталған, қоғам мүшелерінің интерпретациясы негізінде жинақталып, қатталған көп қатпарлы, түрлі мәнді ақпардың шығарма контексіне қажеттісіне назар аудартады. Ақын теңеуімен оқырмандар М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Оспанның кереғар образынан оның еркелігін, еркіндігін бөліп алып, өзектендіреді:

*Қалмаймын деп мынау өмір көшінен,
Жастай зерек, гажайып күй кешіп ем.
Жан адамнан жасқанбай ғәм жасымай,
Құнанбаев Оспан құсап өсіп ем* [11].

Ғ.Жайлыбайдың Абайға және М.Әуезовке арналған өлеңдерінің вербалды қабатында роман-эпопеяны еске түсіретін лексикалық маркерлер бар:

*Алмайды жырдың жүлдесін ақын,
Сүлдесі солғын гасырда.
Бел-белестерге бірге шығатын
Ерболдай дос жоқ қасымда.*

*Ай көріп,
Шығатұғын күнге асықтың,
Ғұмырын кештің жырға шын гашықтың.
Абайдың бел-белесін, өр, қиясын
Көп кезіп, сосын өзің шыңға шықтың* [12].

Бұл өлеңдерде роман-эпопеяның жекелеген тарауларының аттары концептуалды-мазмұндық ақпаратты ашуға мүмкіндік беріп, оқырман интерпретациясына көмек көрсетеді.

Осы шумақтағы теңеу де прецедентті мәтінге негізделген, себебі Мұхтар қаламынан туған Ербол мен өмірдегі Ербол бір тұлға емес. Көркем мәтіндегі Ербол адал, білімді, жанашыр, *Абайдың бала, бозбала шағынан осы күнге дейін өмірде бір рет, бір де бір, сәл гана қабақ шытындырып көрмеген айнымас дос, бар туғаннан да жақын туған, өмір серік жан дос* [13] болса, шын Ербол Абайға «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да...» дегізген жан [14]. Тілдік тұлғаның танымдық базасында бұл деректердің алғашқысы жақсы сақталған, сондықтан ақын қолданысында теңеу өлеңге қосымша мән-мағына үстеп, дос жөнінде жаңа ассоциациялар тудырып, ақпаратты ұлғайтып, экспрессияны арттырады. Оқырмандар да теңеуді түсіну үшін Абай жолы романын еске түсіруге мәжбүр.

Роман-эпопея арқылы қалыптасқан танымдық базаның бір көрінісін О.Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным?» повесінен де байқауға болады. Ауырып жатқан Бөкешті емдеуге келген Қаржаудың *Иә, сен Мәскеуге бармасаң, Мәскеу саған келмес, Құнанбай нәуескемен Мекеге барған екен, байлықтың буы да, сақтансаң, сақтайды құдай-екең, аурып-сырқамай отыра алмайсың, ырысты белшеден кешіп жүргенде, қор жинамаған да екенсің* деген бағалауы да претекстен туындағаны

сөзсіз, яғни кеңес идеологиясының салқынымен пайда болған Құнанбай бейнесі сол кезеңдегі тілдік тұлғалардың танымдық базасында сақталып, орнығып қалғаны көрінеді.

Интертекстуалды элементтер көркем мәтін авторының претекстің өзіне немесе претекст авторына, прецедентті құбылыстар арқылы көрінетін түрлі экстралингвистикалық факторларға субъективті пікірін, бағалауын эксплицитті, имплицитті түрде көрсетеді. Белгілі бір прецедентті құбылысты өз шығармасына претекст ретінде кіргізуінің, оны лингвомәдени кеңістік пен когнитивтік базадан өзектендіріп алуының өзі қаламгердің оны бағалауын көрсетеді. Байқалып отырғанындай, жастары әр түрлі болса да, бір лингвомәдени қоғам мүшелері ретінде бұл қаламгерлер үшін «Абай жолы» роман-эпопеясы поэзиялық және прозалық мәтіндерге күшті әдеби претекст болып отыр. Ақын-жазушылар үшін романның образдар жүйесі, жекелеген сөздері эталон ретінде танылып, оларға жаңа мәтін түзуге мүмкіндік берген. Ал мұның өзі жоғарыда айтылған «Әуезов мектебі» бар екенін, оны танытудың бір жолы екенін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әуезов М.О. Тіл және әдебиет мәселесі / Әуезов Мұхтар. Жиырма томдық шығармалар жинағы. — 19-т. — Алматы: Жазушы, 1985. — 258-б.
- 2 Әуезов шығармашылығы бойынша қорғалған диссертациялар // auezov.kz/kk/node331
- 3 Сыздық Р. Сөз құдіреті. — Алматы: Санат, 1997. — 13, 14-б.
- 4 Есенова Қ.Ө. Мұхтар Әуезов публицистикасының тіл өрнектері. — Алматы, 2005. — 135 б.
- 5 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. — М.: Рус. язык, 1983. — 269 с.
- 6 Адилова А.С. Функционирование прецедентных высказываний в казахском тексте/ Слово, высказывание, текст в когнитивном, прагматическом и культурологическом аспектах: Материалы VI Междунар. науч. конф. — Т. 2. — Челябинск: Изд. Челяб.ГУ, 2012. — С. 76–78.
- 7 Бисенғали З.-Ф. Абай «Қарасөздері» және «Абай жолы» эпопеясы / Әуезов және әлем әдебиеті. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2005.
- 8 Жайлыбай Ф. Жүрегімнің жұлдызы. — Алматы: Шартарап, 1996.
- 9 Сағынтай С. Жазу. — Астана, 2007.
- 10 Когай Э.Р. Метафора как средство создания индивидуально-авторской картины мира. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2002. — С. 219.
- 11 Жақыпбаев Ж. Ләйла. — Алматы: Атамұра, 2002.
- 12 Жайлыбай Ф. Жүрегімнің жұлдызы. — Алматы: Қайнар, 2008.
- 13 Әуезов М. Абай жолы. — Алматы: Жазушы, 1989.
- 14 Абай. Энциклопедия. — Алматы: Атамұра, 2000.

А.С.Адилова

Произведения М.Ауэзова и интертекстуальные связи

В статье рассмотрены интертекстуальные связи и их функции в романе-эпопее «Путь Абая» в качестве одной из особенностей индивидуального стиля М.Ауэзова. Роман-эпопея служит претекстом для представителей последующих за ним поколений, признавших словоупотребление писателя эталоном.

A.S.Adilova

M.Auezov's works and intertekstualny communications

In article intertextual links and their function in the novel « the epic of «The Way of Abai» is considered as one of the features of an individual manner of M.Auezov. The novel-epopee is претекстом for the representatives of the succeeding generations that have recognized the usage of the writer standard, so it can be attributed to the strong literary texts.